

**Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 15 наурыздағы № 51 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 06 сәуірде № 5053 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 102-1 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 16.05.2016 № 102-1 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, жұмыс іздеуде қиыншылық көретін қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандардың жұмыспен қамтылуына және жұмысқа қабылдауына жәрдемдесу мақсатында, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін меншік нысанына қарамастан Ақтоғай ауданының кәсіпорындарында, мекемелер мен ұйымдарында жұмыс орындары жалпы санының екі пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін меншік нысанына қарамастан Ақтоғай ауданының кәсіпорындарында, мекемелер мен ұйымдарында жұмыс орындары жалпы санының екі пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.

3. Интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін меншік нысанына қарамастан Ақтоғай ауданының кәсіпорындарында, мекемелер мен ұйымдарында жұмыс орындары жалпы санының бір пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.

4. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыс берушілерге тиісті жолдамалар беру жолымен өтініш жасаған қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды квоталандырылған жұмыс орындарына орналастыруға жәрдемдесуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Батыргүжинов*